

## ЗАҢДЫ ТҮЛГМАРДЫ ТІРКЕУДЕН БАС ТАРТУ, МЕРЗІМІН ҮЗУ БОЙЫНША, СОНДАЙ-АҚ, ТІРКЕУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТ ТОПТАМАСЫ БОЙЫНША

2019 жылдың 6 айында мемлекеттік тіркеуден бас тартыған 152 және 104 мерзімі үзілген құжаттар бойынша:

Бас тартулардың негізгі құрылтай құжаттарының заң талаптарына сәйкес келмейтіндігі, атап айтқанда, Жарғыларында заңнамда көзделген талаптарының болмауы, сол сияқты орыс тіліндегі мәтін мемлекеттік тілдегі мәтінге сәйкес келмеуі, құрылып жатқан заңды тұлғаның басшы немесе құрылтайшысы әрекетсіз заңды тұлғаның құрылтайшысы болып табылуы және де сол шешімдері бойынша борышкер болып табылуы.

2018 жылдың 6 айында мемлекеттік тіркеуден бас тартылған 144 құжаттың - 6 бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 38 және 1020 баптарына сәйкес, заңды тұлғалардың оларды басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік беретін өз атауы болады. Оның қалай аталағанын және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуді қамтиды және ол заңдарда көзделген қосымша мағлұматты қамтуы мүмкін. Тіркеліп қойған заңды тұлғаның фирмалық атауына

бас тартылған.

Мысалы, мемлекеттік тіркеуге 07.05.2019 ж. «KazArchСтройПроект» ЖШС құжаттарын алғашқы тіркеуге ұсынған, бірақ, электронды деректер қорынан атауы ұхсас заңды тұлғаның тіркелгені анықталған соң, тіркеуден бас тартылған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды

мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңының 11 бабында көзделгендей, егер іс-әрекет етпейтін заңды тұлға құрылтайшы болып табылса және (немесе) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы іс-әрекет етпейтін заңды тұлғалардың құрылтайшысы және (немесе) басшысы болып табылса, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартуға әкеп соғады.

Осы заң талаптарына сәйкес, 5 заңды тұлға бойынша құрылтайшылары, басшылары іс-әрекет етпейтін заңды тұлғаның құрылтайшысы немесе басшысы



## ГОЛОВКИННІҢ ҚОЛЫ ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛҒАП БӘССАУДАДА 1 МЛН ТЕНГЕГЕ САТЫЛДЫ

Бұрабайда өткен қайырымдылық аукционында танымал спортшылардың жабыдақтары сатылды. Қазақстандық кәсіпқой боксшы Геннадий Головкиннің қолы қойылған қолғабы 1 миллион 200 теңгеге сатылды. Сондай-ақ Қанат Исламның да қолғабын 50 мыңға сатып алды. Бұдан бөлек «Барыс» хоккей клубының ойыншысы Мадияр Ыбрайбеков жейдесі 100 мыңға сатылды. Ал «Астана» футбол клубының

жейдесі бағаланды. Жүзгіш Дмитрий Баландиннің қолы қойылған спорттық бас киімі сәуадада 40 мың теңгеге өтті. Сондай-ақ «Ақтөбе» футбол клубының жейдесі мен добы 120 мың теңгеге сатылды. Қайырымдылық аукционнан түскен барлық қаржы үш ауыл және екі аудандық ауруханаларға медициналық құралды алуға жұмсалады.

«Жамбыл спорты ақпарат»



ұқсас фирмалық атауды пайдалануға болмайды, өйткені мұның өзі тиісті заңды тұлғаның ұқсас кетуіне, сондай-ақ, олар шығаратын тауарлар немесе көрсететін қызметтер жөнінде жанымдыстыруға әкеп соғуы мүмкін деп көзделген. Осы заңның талаптарына қайшы, тіркеуге ұсынған шынғын кәсіпкерлік субъектілерінің атауларына ұқсас атаулармен тіркеліп қойған заңды тұлғалар болғандықтан, олардың тіркелуінен

К. Аханова

Заңды тұлғалары  
тіркеу бөлімінің  
бас маманы

олардың мемлекеттік тіркеуінен бас тартылған.

2019 жылдың 6 айында және 2018 жылдың осы кезеңінде тіркеуден бас тартылған құжаттар бойынша, әділет органдарының іс-әрекетіне, бас тарту туралы қабылданған шешімдеріне шағымдар түспеген.

## «Тараз қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммунальдық мемлекеттік мекемесі 2019 жылғы 10 тамызда №26 (503) газет бетіне шыққан хабарламаға өзгерістер енгізілетіндігін хабарлайды.

Теңдерді өткізу күні: 2019 жылғы 13 қыркүйек болып өзгертілді.  
Хабарлама төмендегі мәтінмен толықтырылды:  
«Ескерту: Сенімгерлік басқарушының мүлкікті сенімгерлік басқару кезінде жүргізілетін қажетті шығыстарын сенімгерлік басқаруға берілген объектілер бойынша сенім берілген мүлкікті пайдаланудан түскен кірістер есебінен жүзеге асырылады».

Теңдерге шығарылатын объекті, теңдер шарты, өткізу ерскесі мен уақыты өзгеріссіз қалады.

## Коммунальное государственное учреждение «Отдел финансов акимата города Тараз» сообщает о внесении изменений в извещение, опубликованное в газете №26 (503) от 10 августа 2019 года.

Дата проведения тендера переносится на 13 сентября 2019 года.  
Объявление дополнено текстом:  
«Примечание: Возмещение необходимых расходов доверительного управляющего, произведенных им при доверительном управлении имуществом, осуществляется за счет доходов от использования доверенного имущества».  
Объект, условия тендера, правила проведения и время проведения тендера остаются без изменения.

# АМАҢДА – СПОРТ МЕКЕМЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

## ІС-ШАРАҒА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ БЕКБОЛАТ ОРЫНБЕКОВ ҚАТЫСТЫ

Мұнан кейін бірқатар спорт саласы қызметкерлері кәсіби мерекелеріне орай марапатталды. ҚР Мәдениет және спорт министрінің, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алматы хатын облыс әкімінің бірінші орынбасары Бекболат Орынбеков тапсырды. Соңдай-ақ бірқатар қызметкерлер, ҚР кәсіподақтар федерациясы мәдениет, спорт, ақпарат қызметкерлері кәсіподағы облыстық филиалы тәртібімен, облыс әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының құрмет грамота, Алматы хатымен марапатталды.

Бұл спорт додасына еңгізілетін қызметкер қатысты. Спортта жасқа спорттың кіші футбол, жеңіл атлетика, арқан тарту, жүзу, қол күресі, пр тасын көтеру түрлері бойынша өтіп, кешке дейін «Тараз – арена» мерекесіне қатысқан ой-наларды. Нәтижесінде ерлер арасында қол күресінен жоғары спорт мектебінің өкілі Жандос Талғат жеңімпаз атанса, екінші жұлде №2 мамандандырылған балалар жасөспірімдер спорт мектебінен қатысушы Александр Родченко екінші, мерклік Аман Садықов үшінші орыннан көрінді. Әйелдер арасында жоғары спорт мектебінің қызметкері Диана Трубина білек күшінің мықтылығын байқатып, барлық қарсыласын қалы қалдырды. №2 спорт мектебінің өкілі Оксана Писменнаға екінші, «Жеңіс» жекп кәсіпқой клубының маманы Зурра Бейсейтоваға үшінші жұлде бұйырды. Пр тасын көтеру де №2 мамандандырылған балалар жасөспірімдер спорт мектебінің маманы Виталия Трубинге қарсылас шақ көлем жоқ. «Әулие - Ата» спорт клубынан Данияр Смайлов екінші жұлдеге қол жеткізсе, қардайлық Ирада Алиева үшінші жұлден қанағат тапты. Арқан тарту кезеңінде де жоғары спорт шеберлігі мектебі шын мықты екенін дәлелдеді. Олар шешуші

кезеңде байқақтықтарды ұтса, «Әулие - Ата» спорт клубы үздік үшлікті түйіндеді. Жүзу спорты бойынша ерлер арасында №4 мамандандырылған балалар жасөспірімдер спорт мектебінің өкілі Егор Рязин чемпион атанса, «Тараз - Арена» спорт кешенінің қызметкері Ерік Мөлдішев екінші, жусалық Асхат Артықов үшінші орыннан көріне білді. Әйелдер арасында №4 спорт мектебінен қатысушы Кристина Рубичева жеңістің биік туғырына көтерілсе, Олимпияда жеткіншектерін даярлау орталығының маманы Алуа Дүйсемахановаға екінші, қулаңдық Светлана Сиребецке үшінші жұлде бұйырды. Кіші футбол аламында Жулы ауданы шеберліктерімен танылды. Олар финалда байқақтықтарды ұтып, чемпион атады. Жұлдемі үшін орын Жамбыл ауданының құрамасына берілді. Жеңіл атлетика (эстафета) спорты бойынша «Жеңіс» жекп кәсіпқой клубы жеңімпаз атанса, екінші жұлде №4 мамандандырылған балалар жасөспірімдер спорт мектебінің қызметкерлеріне бұйырды. №2 мамандандырылған балалар жасөспірімдер спорт мектебі желаяқтыры үшінші жұлдені қанағат тапты.

Командалық есепте облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебінің ұжымы спорт алаңында жеңімпазы атанса, №4 мамандандырылған балалар жасөспірімдер спорт мектебі екінші, №2 мамандандырылған балалар жасөспірімдер спорт мектебі үшінші жұлдеге қол жеткізді. Спорт алаңындағы облыс әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбол Жұнісбеков, спорт саласы бойынша облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жанғыс Шышов қорытындылап, жарыстың жеңімпаздары мен жұлдегерлерін марапаттады.

Есет АОСАЛЫ.